

ТҮҮ

ИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
АВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТИ

август Сәрсенбі

жеке саны 20 тыйын.
Шығуына 33 жыл

алық лары

аудандық комитет
жолға салмады, сөй-
келтірді.

тексеруді жақсы жол
төшевиктік тәрбие бе-
өне мемлекеттік тәр-
қызметкерлердің өзіне
сауаптылығын артты-
ылы болып табылады.

партия органдары іс-
серуге тиісті маңыз
Курск облысындағы
партия конференция
тия комитеті он үшін
есебін тыңдап, өз
і орындалып жатқаны
ашылған кемшіліктер
партия ұйымы секре-
унистерге көмектесіп.

Осы аудандық коми-
сұмысында бірлесіп іс-
ын келген, пленумдар
ін отырмаған, ауыл-
Уставының бұзылуы

ия ұйымының жоғар-
былады. Ол қандай да
шың, партия басшы-

*Жылдық жоспар мерзімінен
бұрын орындалсын.*

Коллективтік шарттың орындалуы жөнінде

Жуырда Киров атындағы завод жұмысшыларының коллективтік шартты алғашқы жартыжылдықта қалай орындағандықтары тексерілді. Тексеру қорытындылары цех жұмысшыларының жалпы жыйналыстарында, кейіннен заводтық конференцияда талқыланды.

Өндірістік жоспарды орындау — коллективтік шарттың негізгі нүктісі. Бірақ, бұл нүктені завод бойынша орындалмай қалды. Сол сияқты, еңбек өнімділігін арттыру, еңбекті жеңілдету, ақауға жол бермеу жөніндегі міндеттемелер де орындалмай қалған. Жыйналыстар мен конференцияда сөз сөйлеушілер бұл кемшіліктердің кездесу себептерін атап көрсете келіп, социалистік жарысты ұйымдастыруда және озат әдістерді өндіріске енгізуде формальділікке жол берілгендігін айтты.

Осы уақытқа дейін заводта инженер Ковалевтің әдісі бойынша бес түрлі операция гана зерттеліп, қорытылған. Ал, Жандарова мен Агафонованың бастамасы бойынша бұл заводта ешқаржы істелмеді десе де болады.

Сонымен қатар, коллективтік шартта бірқатар жаңа құрылыстар жасау, жаб-

Ауыр салмақты поезд жүргізуші бесжүзшілердің қозғалысын өрістетейік!

Түркестан—Сибирь темір жолының Матай бөлімшесінің жұмысшылары, инженер-техник қызметкерлері мен қызметшілері коллективінің Қазақ ССР темір жолдарының барлық қызметкерлеріне үндеуі

Қымбатты теміржолшы жолдастар!

Ленин—Сталин партиясы рухтандырып еліміздің еңбекшілері коммунизм құрылысының асқан ұлы программасын ойдағыдай жүзеге асыруда.

Миллиондаған совет адамдары дүние жүзіндегі аса ірі су электр станциялары мен каналдардың құрылысына, табиғатты өзгертудің сталиндік жоспарын жүзеге асыруға орасан зор өрлеумен қатысуда. Коммунизм құрылыстарының тұңғышы — В. И. Ленин атындағы Еділ—Дон кеме қатынасы каналының құрылысы тарихта болып көрмеген қысқа мерзімде аяқталды.

Бүкіл совет халқы мен бірге темір жол транспортының қызметкерлері де жаңғырлықпен еңбек етіп, алып құрылыстарға және еліміздің бүкіл халық шаруашылығына арналған жүктердің үздіксіз қарқынымен тасылуды қамтамасыз етуде.

Халық шаруашылығының қаулап өсуі жүк тасу және оның өзіндік бағасын кеміту жөнінде теміржолшыларға көтеріңкі талаптар қояды. Транспорт үшін және бүкіл халық шаруашылығы үшін локомотивтің бір тәулікте жүретін жолының километр саны ғана маңызды емес, сонымен бірге оның тасыған жүгінің саны онан да гөрі маңызды.

Біз бұл міндеттерді социалистік жарысты кеңінен өрістетуді, еңбектің комплексті озат әдістерін күнбе-күн өндіріске енгізу жолымен орындай аламыз.

Матай темір жол бөлімшесінде аға машинист, Сталиндік сыйлықтың лауреаты, ССРО Жоғарғы Советінің депутаты Мұқтар Қаптағаявтың және одан үлгі алған Медведь, Чернягин, Жұныбеков, Неумывакин, Исаков, Габитов, Бочегура жол-

нистер июнь мен июльде жол бөлімшесі бойынша 929 ауыр салмақты поезд жүргізді, соның өзінде нормадан тыс 695 мың тонна жүк тасылды, 2,290 мың сом қаржы, 1232 тонна отын үнемделді. Ауыр салмақты поездар жүргізу Матай паровоз депосында үнемі жұмыс істейтін паровоз паркін 16 процент қысқартуға мүмкіндік берді.

Аға машинистер Қаптағаяв, Медведь, Чернягин және Зайцев жолдастардың паровоз бригадалары бүкіл жол бойында ауыр салмақты поездарды екі бағытта бірдей нормадағы салмағынан едәуір асырып жүргізді. Бұлар шеккен сапар жолдың барлық учасоктерінде ауыр салмақты поездар жүргізуге мүмкін екенін көрсетті.

Ауыр салмақты поездар жүргізуді көздеген қозғалыс жол бөлімшесінде бұқаралық қозғалысқа айналып, поезддың жүрісіне байланысты барлық службалардың қызметкерлерін қамтып отыр. Диспетчерлер, станция кезекшілері, поезд бригадалары және вагондар мен жол шаруашылығын техникалық байқау пункттерінің қызметкерлері локомотивтердің қуатын толық пайдалану үшін паровоз бригадаларына қажетті жағдайлардың бәрін жасауда.

Паровоздардың қуатын толық пайдалану және олардың айналымын тездету жолында өрістеген қозғалыстың темір жол транспортының жұмысын онан әрі өркендету үшін зор маңызы бар екенін еске алып, біз әрбір паровоз бригадасының тақ бағытта жалпы салмағы нормадан кемінде 500 тонна асатын, ал, жүк бағытта кемінде 200 тонна асатын ауыр салмақты поездар жүргізуін қамтамасыз

ру және оларды пайдалану кезінде тыңғылықты күту жолымен біз паровоз паркін жөндеуге және оны пайдалануға аз қаржы жұмсап, паровоз паркінің техникалық жайын жақсартып келеміз.

Өз мүмкіндіктерімізді есептей келіп, біз бұдан бұрын алынған социалистік міндеттемелерімізді қайта қарауға ұйғардық және сонымен бірге, өзімізге мынадай көтеріңкі міндеттемелер аламыз:

1. Еңбектің озат әдістерін өндіріске кеңінен енгізу, ауыр салмақты поездарды жаппай жүргізу қозғалысын ұйымдастыру, поездар жүргізу графигін бұлажытпай орындау негізінде жүк тасымалының жылдық жоспары жол бөлімшесі бойынша 110 процент орындалуын, тасымалдың өзіндік бағасы жоспардағыдан 6 процент кемітілуін қамтамасыз етеміз, сөйтіп, жоспарлы тапсырмалардан тыс кемінде 5 процент отын үнемдейміз.

2. Техникалық шапшаңдықтың белгіленген нормаларын сағатына 2 километр асыра орындаймыз және паровоздардың орта тәулік жүрісін 8 километр арттырамыз.

Теміржолшы жолдастар!

Жүк тасымалын шапшаңдатуды және тасымалдың өзіндік бағасын кемітуді көздеген ауыр салмақты поездарды жаппай жүргізу қозғалысына мемлекеттік зор маңыз беріп, біз Қазақ ССР темір жолдарының барлық жұмысшыларын, инженер-техник қызметкерлерін және қызметшілерін паровоз паркін бұрынғыдан да жақсы пайдалану және темір жолдардың жұмысын онан әрі өркендету жолында социалистік жарысты ұйымдастыруға қажетті бірінші қадамға аттандырамыз.

шіліктерді ақылағалы салу, жаңа табыстарға жетуге ұмтылу—кәзір өтіп жатқан партия конференцияларының ерекше сыпаты, міне, осындай. Конференцияға қатысушылар партия органдарының жұмысына барлық жағынан талдау жасап, партия жұмысын жақсарту жолдарын белгілеуде.

Конференциялар саяси және шаруашылық жұмысты дұрыс ұштастыру, партиялық-ұйымдық және идеологиялық жұмысты мейлінше күшейту, кадрларды іріктен алу, жұмысқа орналастыруды, тәрбиелеуді жақсарту мәселелеріне баса көңіл бөледі. Партия комитеті партия мен үкметтің директивалары мен нұсқауларын қалай орындап отыр, ол совет, шаруашылық, кәсіподақ және комсомол ұйымдарының жұмысына қалай бағыт беріп отыр, партия бұқарасымен, еңбекшілермен оның байланысы қандай, кадрлар арасында қалай жұмыс істейді, төменнен көтерілген сынды қалай қолдап, алынған қаулылардың орындалуын тексеруді қалай ұйымдастырды—осы мәселелердің бәрі конференцияларда кеңінен талқылануда.

Көптеген партия ұйымдары партиялық-саяси мәселелерге бет бұрып, шаруашылық пен мәдениет құрылысының барлық учасқтарында өз жұмысының стилі мен әдістерін үздіксіз жақсартуда. Алайта, кейбір партия органдары большевиктік басшылық ету өнерін осы уақытқа дейін үйренбегенін, өз жұмысында елеулі кемшіліктер мен қателер жіберетінін фактілер көрсетіп отыр.

Свердловск қаласындағы Октябрь ауданының партия конференциясының делегаттары аудандық комитеттің бірыңғай шаруашылық мәселелерімен әуестенуден әлі де тыйылмағанын, кадрларды тәрбиелеуге жеткілікті көңіл бөлмейтінін, көп жағдайда идеологиялық мекемелердің жұмысына араласпайтынын өте әділ атап көрсетті. Аудандық комитеттің қызметкерлері көп уақыттан бері бірқатар кәсіпорындарда мемлекеттік тәртіптің өрескел бұзылуына төзіп келген. Жіке қызметкерлердің өзін-

арттыруды, оларды партияны басқару ісіне тартуды, олардың партия ішінде ие болу сезімін оятушылықты түсіну» — деп көрсетеді. Партияның ішкі демократияны бұлжытпай орындай отырып, конференциялар партия комитеттеріне партияның саяси бағытын іс жүзінде жүзеге асыра алатын, оны қорғап, ол үшін күресе білетін адамдарды сайлауда.

Партия конференцияларының бүкіл жұмысы большевиктік сын мен өзара сынның рухында жүргізілуге тиіс. Партия органдары төменнен көтерілген сынды мейлінше қолдап отыруға міндетті. Сынды қудалау дегеніміз—партия ұйымының қандай да болса талаптылығын жойғандық, басшылықтың партия бұқарасындағы беделін түсіргендік, партияның қас жаулары —бюрократтардың партияға дұшпан салттарын партияның тұрмысына орнықтырғандық болады деген Сталин жолдас-тың нұсқауын үнемі есте түту керек.

Коммунистер партия конференцияларының мінбелерінен партия, совет және шаруашылық органдарының жұмысын ұйымдастыру мәселелері жөнінде көптеген бағалы ұсыныстар айтып, нақты ескертулер жасауда. Партия комитеттерінің міндеті—бағалы ұсыныстар мен ескертулерді есепке алып, қорыту, олардың орындалуын бақылауды ұйымдастыру, сөйтіп, осының негізінде болып отырған кемшіліктерді жою, өзінің бүкіл жұмысын жақсартуды қамтамасыз ету.

Конференция — партия ұйымдарының тұрмысындағы маңызды оқыйға. Партия конференциясы партиялық-ұйымдық және партиялық-саяси жұмысты одан әрі күшейту жолындағы, партия мен үкметтің қарарларын жүзеге асыру жолындағы, коммунизм құрылысында жаңа табыстарға жету жолындағы күреске партия бұқарасын жұмылдырудың қуатты құралы болып табылады.

«Правданың» 11 августағы
басмақаласы).

өздерінің күнделікті тапсырмаларын үнемі артығымен біржарым еседен орындап жүр.

Г. МИХЕЕНКО.

ның темір жолдарында социалистік жұмыс ұйымдастыруға шақырған Үндеуі мақұлдансын.

Қазақстан К(б)П облыстық, қалалық, аудандық қуат



ТУҒАН елі

Ұлы құрылыстың техникалық базасы кеңейуде

ТАХИА-ТАШ, 7 август. Қарақұмдағы ұлы құрылыста техникалық база кеңейуде. Бүгін екінші жеті текшеметрлік электр экскаваторы қатарға қосылды. учасқтардың бірінде үш текшеметрлік экскаватор мен бульдозерлер сыналуда.

Су торабы ауданында екінші энергопоезд пайдалануға берілді. Ол шығарған электр қуаты № 303 жер снарядына берілді, электр экскаваторларына қуат берді, жөндеу кәсіпорындарының жұмыс істеуін қамтамасыз етті.

Еділ-дондық инженерлер А. Опариш мен Д. Курбановтың басшылығымен Тахиа-Ташта тас сорттайғын, құм жуатын, ағаш өңдейтін және бетон заводтары салынауда.

(СОТА).

Бір станокте ширек ғасыр жұмыс істейді

ЯРОСЛАВЛЬ, 7 август. Ярославльдің паровоз жөндеу зауыдының токарлары К. В. Озеров пен Ц. М. Лидякин бір станокте 25 жыл жұмыс істегендіктерін мерекеледі. Олар күн сайын өндірістік тапсырмаларын асыра орындай отырып, бір-бірін 7 мың реттен астам ауыстырды.

25 жыл ішінде олар жұмыс істейтін станок жоспар бойынша 54 рет күрделі жөндеуден өтуге тиіс болса да, осы күзге дейін бірде-бір рет күрделі жөндеуде болған жоқ. Станок кәзір де тоқтаусыз, дәлме-дәл істейді. Жөндеу санын кеміту есесінен көптеген қаржы үнемделді.

(СОТА).



Ставрополь өлкесі. «Заготзерноның» Буденный 5 машиналар үздіксіз ағылып жатады.

СУРЕТТЕ: элеваторда мемлекетке астық тапсы

Ауылшаруашылық мектептер

Мемлекеттік біржылдық және екіжылдық ауылшаруашылық мектептері быйыл еліміздің колхоздарына арнап 48 мың маман егіншілік, мал өсірушілер, бағбандар, овощ өсірушілер, тағы басқа мамандар әзірлеп шығарады.

1952—1953 оқу жылынан бастап бұл мектептер өндіріс бригадаларының бригадирлерін, колхоз орманшыларын, малшаруашылық фермаларының меңгерушілерін және ара өсіретін омарташылар әзірлеу жөніндегі мектептері шығар астық аль I ноябрьде лады. Оқулық демал мектептерд терін, ауылрибелерің, жаңа әдіст

колхоздардың бірінші парызы

арын мерзімінен е орындайық!

істеуі — табыс кілті

біріндік болшекте не жағдай ашқы құндығы бір толық ашқы екінің тәртіптің жайы содан егінді тосылай еді екінші дамдықпен дан, бүліні сәктанысты байындары бындадық. Сондай-ақ іс үшін қан жаса- ен жылда екіншінің тісекшіз. і тазарту ді және ату ісін

комбайнның двигателін және астық тас- тыратын бөлімнің барабанын, деканын, транспортерді және астық тазартатын бөл- шектерді байқап шығамын. Ал, көмекші- лерім комбайнның оң жақтағы және сол жақтағы бөлшектерін тазартады, оларға май құяды, жүлдышалардың және сақ- таңдырғыш муфтаалардың беріктігін бай- қайды.

Агрегатқа техникалық байқау жа- сауға, сонымен бірге, сабан шөмелеуші көлхозшыларды да араластырып жүрміз. Олар біз комбайнның бөлшектерін байқап жеткенде, сабан шөмелеушінің доңғалақ- тарын және комбайнның екі жақтағы үл- кен доңғалақтарын майлайды. Сабан шө- мелеушінің комбайнға тіркелу беріктігін бақылайды.

Біздің агрегат өткен жылы сағаттық график бойынша жұмыс істеді. Быйыл да осылай етпексіз. Бұған жетіу үшін, ең алдымен, комбайн мен тракторларға техникалық бақылауды тәдергең не кешке жасаймыз. Жұмыс кезінде агрегат- ты су алуға тоқтатпаймыз, агрегат қы- зметкерлерінің жұмыс үстінде кезектені тамақтануын қарастырамыз. Сөйтіп, агре- гаттың тоулігіне кемінде 20—22 сағат жұмыс істеуіне жетісеміз.

Быйыл колхоз басқармаеы комбайндар- дан бастырылған астықты қырмандарға тасып тұруға арбаларды жеткілікті мөл- шерде бөлді. Бұл комбайннан бастырылған астықты жұмыс үстінде түсіруге, осының өсебінен көп уақытты үнемдеуге мүмкін- шілік береді.

Бүкіл республика еңбекшілерімен бірге



Бурабайдың ауылшаруашылық технику- мы ауыл шаруашылығы үшін құрылысшы техниктер даярлап шығаруда.

СУРЕТТЕ: құрылыс бөлімінің диплом жазушы студенттерінің тәжірибе жұмыста- рында жүрген кезі. Алдыңғы қатарла сту- денттер: М. Дуларева және В. Дзыгалов. (ҚазТАГ-тың фотохроникасы).

Жаңа оқу жылы қарсаңында

Дайын мектептер

Совет ауданындағы Қағанович ауылдық Советінде бір жетіжылдық және үш бас- тауыш мектеп жабайы жөндеуден өткізіл- ді. Жетіжылдық мектепке керекті 72 текшеметр отын дайындалып, 27 парта және басқа да мебельдер сапалы жөндел- ді. Бастауыш мектептер үшін де керекті отын дайын.

Көзір мектептер жаңа оқу жылын қау- сы алуға толық әзір отыр.

Т. ЖҮНЫСОВ.

Ленин ауданындағы «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозындағы жетіжылдық мектепте өткен оқу жылында 200-ден астам бала оқып, 25 оқушы мектепті бітіріп шықты.

Кореядағы оқығалар

ХАЛЫҚ АРМИЯСЫ БАС КОМАНДОВАНИЕСІНІҢ ХАБАРЫ

ПХЕНЬЯН, 11 август. (СОТА). Корея Халық- Демократиялық Республикасы Халық армиясының Бас командованиесі 11 августа былай деп хабарлады:

Халық армиясының құрамалары қытай- лық халықтық еріктілер бөлімдерімен ты- ғыз байланыс жасай отырып, өткен күні

майданның жекелеген участоктерінде дұш- панға қарсы артиллериялық ұрыстар жүр- гізді.

Бүгін жау самолеттерін аңдып атқыштар дұшпанның 3 самолетін зияндап, 2 са- молетін атып түсірді.

Жак Дюкло Пинэ үкметінің халыққа қарсы саясатын әшкерелеуде

ПАРИЖ, 10 август. (СОТА). «Юманте - диманш» газетінің бүгінгі номерінде Жак Дюклоның «Антикоммунистік қастандық және опасыздық саясаты» деген мақаласы жарияланды. Дюкло Француз коммунист партиясын және демократиялық ұйымдар- дың басшыларын қудалауды, «мемлекеттің хауіпсіздігіне қарсы қастандық» дейтін

айыпты әшкерелейді. Ол Пинэ үкметі саясатының түпкілігінде апатқа ұшырай- тындығын көрсете келіп, «республикаға қарсы және Францияға қарсы әзірленіп жатқан қастандықты біржолата жою үшін коммунистердің, социалистердің, католик- тердің және бүкіл республикашылдардың біртұтас майданның құруға шақырады.

ИРАН ҮКМЕТІНІҢ АНГЛИЯ ҮКМЕТІНЕ НОТАСЫ

ТЕГЕРАН, 8 август. (СОТА). Тегеран радиосы Иранның сыртқы істер министрлі- гі кеше Тегерандағы ағылшын елшілігіне нота жолдады, деп хабарлайды. Иран үк- меті Иранның өз мұнай өнеркәсібін алуға толық правосы бар екенін атап көрсеткен. «Бұрынғы АИМК (ағылшын-иран мұнай компаниясы) және ағылшын үкметі Иран үкметінің бұл сөзсіз правосын елемей,— делінген нотада,— дәлелсіз талаптар қойып, Гаагадағы халықаралық сотқа ша- ғым берді. Халықаралық сот 1952 жылғы 22 июльде бұл мәселені қарауға оның пра- восы жоқ деп шешкені мәлім.

«Иран үкметі, — деп көрсетілген нотада, — бұрынғы АИМК тарапынан Иранға бері- луге тиісті ақша қаражаттары, — бұл фак- тіні АИМК-ның өзі де растап отыр, оған қаржы төленеді деп сенеді. Мұның үстіне Иран үкметі ағылшын банктеріне салынған және Иран үкметінің тиісті барлық ақшадай жыйнақтарына тыйым салу тоқтатылады. ал, бұл жыйнақтар Иран үкметінің қара- мағына беріледі деп сенеді. Екі мемлекет-

тің арасында дұрыс қарым-қатынасты сәк- тау және мүмкін болған жағдайға жол бермеу мақсаты мен бұрынғы АИМК ал- дағы уақытта Иран мұнайын сатуға кедер- гі болатын қандай да болса шара қолдану- дан бастартуға тиіс».

Нотада одан әрі былай делінген: Иран үкметі, «бұрынғы АИМК-ның Иранның мұ- най өнеркәсібін мемлекет қарамағына алу туралы заңның шеңберінен шықпайтын заңды талаптарын, сондай-ақ Иранның бұ- рынғы АИМК-ге қойған қарсы талаптарын қарау мақсатымен, АИМК-ның өкіл- дерімен келіссөздер жүргізуге әзір. Егер бұрынғы АИМК-ның өкілдері мен Иран үк- метінің арасында тікелей келіссөздер жүр- гізу нәтижесінде бұл мәселе жөнінде өзара келісім жасалмаған күнде, бұрынғы АИМК өзінің талаптарын Иран арбитражіне бере алады».

Иран үкметі, ағылшын үкметіне бұрынғы АИМК-ге Иран үкметі мен келіссөздер жүргізу үшін өз өкілдерін тағайындауды ұсынды.

ГЕРМАН ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ АМЕРИКАН ШПИОНДАРЫ ТОБЫНЫҢ ІСІ БОЙЫНША ҮКІМ

БЕРЛИН, 9 август. (СОТА). Герман Де- мократиялық Республикасының жоғарғы сотында бүгін құрамында Вольфганг Кай- зер, Иоахим Мюллер, Анна Мюллер және Курт Хоппе бар шпиондық-террорлық бан- даға болған сот процесі аяқталды.

лар жасаған, Герман Демократиялық Ре- публикасы туралы құпия мәліметтер жый- наған, бейбітшілік пен демократия лагері- дегі елдерге қарсы қылмысты насихат жүр- гізген.

Герман Демократиялық Респ...

хов ауданының мичурин атындағы колхозының колхозшылары арасында өндіретік зор өрлеу туғызды.

Қазір колхоздың егін даласында жұмыс қызу жүріп жатыр. Комбайншылар колхозшылармен ыстымақтасып, жұмыс істей отырып, қажырлы еңбектің үлгісін көр-

— 6» комбайнымен 20 — 25 гектар жердің егінін жыйнап, әрбір гектардан 20 центнерден астық бастыруда.

Ол быйылғы маусымда 750 гектар жердің егінін жыйнауға міндеттенді.

Т. ҮСЕНОВ.

Бүкілқазақстандық алтыншы спартакиада

ЖАРЫСТЫҢ БЕСІНШІ КҮНІ

АЛМАТЫ. (ҚазТАГ). 7 августа «Спартак» стадионының жүгіру жолына 800 метрге жарысуға қатысушылар шықты. Жарыстың алдында чемпион атағын алуға негізгі таласушылар В. Рудкий мен Р. Газрилов келеді. Финишке дейін 50,30,20 метр қалды. Екі спортшы қатар жүгіріп келеді. Олар бір мезгілде, 1 минут 58,8 секундте дистанцияны аяқтады. Бірінші орын Гавриловқа берілді. Ол финиш лентасында өзімен жарысушыдан сәл ғана бұрын жетті.

Биіктіктен секіруден әйелдер арасында алматылық В. Печеник бірінші орын алды. Ол 140 сантиметр биіктіктен секірді. Алматының № 25 мектебінің оқушысы Д. Ростовцев көпені бәрінен алыс—49 метр 43 сантиметрге дақтырды.

Қала жанындағы Сталин атындағы колхозда велосипедшілер жарысты. Дистанция терең оры, биік дөң, кілт бұрылыстары бар өте ауыр болды. Бірінші болған финишке алматылық велосипедші Н. Кислицина келді, ол 10 километрді 36 минут 42 секундте өтті.

30 километрлік жарысқа қатысушы ерлер старт алды. Алматылық велосипедшілер У. Жанбеков пен Н. Бурнашовтің арасында қызу талас басталды. Жарыстың өн бойына олар қатар жүрді. Міне, ақырғы 200 метр қалды. Жанбеков ұмтылып алға шықты. Ол жарыста 1 сағат 18 минут 11 секунд уақыт көрсетіп жеңіске жетті. Бұл—бірінші разрядтың нәтижесі.

Рингте соңғы сынасу болды. Әсресе, Г. Рожков (Алматы) және Р. Смайыловтың (Алматы облысы) арасындағы кездесу өте қызықты өтті. Рожков өзінің тактикасын дұрыс құрып, өзінің күшін дұрыс пайдаланды, сөйтіп, жеңіп шықты. Жас спортшы Б. Тычинин (Алматы облысы) республиканың өткен жылғы чемпионы В. Шафрановпен кездесуде жеңіске не болды.

Бес күнгі сынарудың қорытындысында

1952 жылға Қазақстанның бокс жөніндегі чемпионы атағына өздерінің салмақ категорияларында М. Омаров, И. Иванов, Н. Макаревич, Г. Рожков, И. Хасанов, Алматы облысының боксшілері Б. Тычинин, Н. Титов, қарағандылық В. Стольников, жамбылдық Л. Манукян, ақмолалық Г. Азиев не болды.

Жалпыкомандалық есеп бойынша бірінші орын алматылықтарға берілді. Одан кейін Алматы, Жамбыл облыстарының спортшылары келеді. Соңғы орында нашар әзірленгендіктерін көрсеткен Шығыс Қазақстанның боксшілері тұр.

Гимнастика бойынша жарысу аяқталды. Әйелдерден республиканың абсолюттік чемпионы атағын алматылық гимнастикашы, спорт шебері Н. Абдулқина жеңіп алды. Ол 100 мүмкін балдан 92,5 балл алды. Екінші орында—91,65 балл нәтижесі бар В. Гончарик (Алматы).

Ерлер ішінен таңдаулы гимнастикашы А. Олейников (Алматы) болды, ол 100,5 балл алып, бірінші спорт разрядының нормасынан асырды. Екінші орында гурьевтік гимнастикашы А. Найденьшев. Ол А. Олейниковтен 2,7 балл кейін түсті.

Командалық орындар төменгіше бөлінді: алда — Қазақстан астанасының гимнастикашылар командасы, одан кейін—Алматы облысының спортшылары. Жарыс таблицасының соңында Ақмола және Павлодар облыстарының спортшылары қалып қойды. Жарысқа көкшетаулық гимнастикашылар қатыспады.

Бірінші—төртінші орындарға таласушы екі команданың футболдан кездесуі болып өтті. Гурьевтік және жамбылдық спортшылардың арасындағы ойын 0:0 болып нәтижесіз аяқталды. Оңтүстік Қазақстанның футболшылары кезекті жеңіске жетті. Олар қарағандылық команданың қақпасына екі доп енгізді де, өздеріне бір доп та жібермеді.

араның оны ғана жөнделген.

Бұл колхозда аудандық ауылшаруашылық бөлімінің басшылары бірнеше реттен болды. Колхоздың егін орағына әлі әзір еместігіне және егін орауға кіріспей отырығанына олар көріне көзге көңіл бөлмей келеді.

(Өз тілшіміз).

Баскетболшылар турнирінің жеңушілері белгілі болды. Республиканың баскетбол жөніндегі чемпионы деген құрметті атақты Алматының ерлер және әйелдер командасы жеңіп алды. Ерлер ішінен екінші орында—Алматы облысының, үшінші орында—Қарағандының баскетболшылары. Әйелдер командалары ішінен екінші орында—жамбылдық спортшылар, үшінші орында—Қарағанды облысының баскетболшылары.

ЖАРЫСТЫҢ АЛТЫНШЫ КҮНІ

8 августа жеңіл атлеттердің соңғы сынасуы болып өтті. Бөгеттер қойылған 80 метрге финалдық жарысқа қатысушылар старт алды. Кедергілердің бірінен соң бірінен шеберлікпен өтіп алматылық жүгірімпаздар В. Печеник, Г. Лысенко алға шықты. Олар дистанцияны бірге аяқтады. Секунд есептегіштер 12 секунд уақыт көрсетті. Финишке сәл ғана бұрын жеткен Печеникке бірінші орын берілді.

Кедергілер қойылған 110 метрлік жарыста қарағандылық А. Қирсанов озды. Кедергілер қойылған 3 мың метрге жарыста үздік шыққан Е. Кодякин (Алматы) болды, ал, осы команданың өкілі В. Штода балғаны бәрінен алыс дақтырды.

Волейбол алаңдарында соңғы кездесулер өтті. Алматының ерлер командасы Шығыс Қазақстанның спортшыларымен ойнады. Қызу күреспен өткен жарыста астаналық волейболшылар ұтты. Нәтиже 3:1. Дәл осындай есеппен Қазақстан астанасының волейболшы әйелдер командасы Солтүстік Қазақстан облысының волейболшы әйелдерінен жеңді.

Судья коллегиясы волейболшылар турнирінің қорытындысын шығарды. Республиканың 1952 жылғы чемпионы Алматының командасы болды. Екінші орында—Шығыс Қазақстанның волейболшылары, үшінші орында—ақтөбеліктер. Әйелдер командаларының ішінде чемпиондық құрметті атақты тағы да алматылық спортшы әйелдер алды. Екінші орында—қарағандылықтар, үшінші орында—солтүстік қазақстандықтар.

де қамтамасыз ете алмады.

Қызыл Қазақстан мектебінің жағдайы аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі Брек жолдасқа мәлім бола тұрса да, ол мектепті оқу жылына әзірлеу жұмыстарының дер кезінде орындалуын қамтамасыз етуді тиісті шараларын қарастырмай келеді.

Кешке «Динамо» стадионында «Қазақша күрес»тен және классикалық күрестен жарыс аяқталды.

«Қазақша күрес»тен жеңіл салмақтылар ішінен жақсы нәтижеге жеткен гурьевтік спортшы Д. Жұманазиев болды. Жеңіл атлеттер ішінен ең күштісі қарағандылық К. Бекежанов болып шықты. Орта салмақты күресшілер ішінен республиканың чемпионы атағын К. Галиақпаров (Көкшетау) алды. Орта салмақты А. Сәлімбаев (Қарағанды) Қазақстан чемпионы атағын өзінде сақтап қалды, ауыр салмақтылардан жеңген талдықорғандық күресші Д. Құлжанов болды.

Кілемінің үстіне соңғы күресушілер шықты. Олар А. Сәлімбаев және Д. Құлжанов. Олар «Қазақша күрес» бойынша Қазақстанның абсолюттік чемпионы атағына таласалды. Мықтап ұстасып алып, күресшілер шешуші қыймылға әзірленуде. Сәлімбаевтың күшті қолдары өзімен күресушіні көтере түсті. Сәл ғана уақыт, міне, Құлжанов кілемде жатыр. Сәлімбаев 35 секундте жеңіске не болды. Бұл спартакиададағы ең қысқа кездесулердің бірі болды.

Балқаштың мыс қорыту зауытының слесарі А. Сәлімбаев — «Қазақша күрес»тен республиканың абсолюттік чемпионы.

Футбол алаңында бірінші орында негізгі таласушылар Оңтүстік Қазақстан және Жамбыл облыстарының командалары арасында кездесу болып өтті. Ойынның бірінші жартысында доп жамбылдық команданың қақпасы ішінде болды. Үзлістен кейін жамбылдықтар бір доп енгізді. Кездесу 1:1 болып теңбе-теңге аяқталды. Алынған ұпайлардың саны бойынша бірінші орында футбол командаларының ішінен Оңтүстік Қазақстанның спортшылары жеңіп алды. Екінші орында—Жамбыл облысының футболшылары.

9 августа мотоциклде жарысушылар сынасты. 30 километрлік өте-өте ауыр дистанцияда ең жақсы уақыт көрсеткен алматылық мотоциклиші, спорт шебері М. Одинова болды.

1. Колхоз басқармашылары, совхоздар, ұашылықтар мен орының директорлары тәндірілсін:

а) егін жыйнау жұмысін егін жыйнау аяқалаңын жүріп күзетіп тұрған дөңді тақылдағына күзет тағайындайына;

б) темір жолдарға дағра іргелес егін ұты, астық бастыратын қоймалары, дайындаларын, жанар майлардар, тракторлар мен таяйтын жерлер көлде қазылысын;

в) егін жыйнау жән бұл жұмыстар жүргізуға және шабылған жандыруға тыйым салқушылар, ашық ошақлерге орнатылсын, ал, кемінде астық бастырметр қашықтыққа жеңкүйілған бочкалар ормаған егіннің майлардан кемінде 200 метржерге салынатын болс;

г) астық бастыратылыстардан 150 метрдейдіктерден тазартылғанрылып, ол жерлерге күметр орлар қазылысын;

2. машина-тракторсовхоздардың, көмекшімен орман шаруашылылары мыналарға міндеа) от алғыш жүйелциясы дұрыс жұмыс ісгаратын тұрбасында

Еңбекшілер депутаты

Еңбекшілер депута

«УДАРНИК» кин

Бүгін және күн сайы

«МЕНИҢ УНИВЕР

Сеанс сағат 4-те бас

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Казак ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редактордың орпартия және ауылшаруашылық бөлімдері — 2-36, өнеркәсіп-транспорт және тілшілер бөлімдері — 1-33-2, корректорлар бюросы — 4-39. Газет баспасы — 0-22, газет табыс етілім